

# МЕМЛЕКЕТТІК ЕМЕС ОБЛИГАЦИЯЛАР ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ ПРОСПЕКТІСІ

Толық атауы  
Қысқартылған атауы

"Өскемен өнеркәсіптік арматура зауыты"  
Акционерлік қоғамы  
"Өскемен өнеркәсіптік арматура зауыты" АҚ

Уәкілетті органның мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны, облигациялық бағдарлама шегіндегі мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын) мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспектіде сипатталған мемлекеттік емес облигацияларды иеленуге қатысты қандай да бір ұсынымдар беруді білдірмейді және осы құжаттағы ақпараттың дәйектілігін растамайды.

Эмитенттің лауазымды тұлғалары онда берілген бүкіл ақпарат дәйекті және эмитент пен оның орналастырылатын мемлекеттік емес облигацияларына қатысты инвесторларды жаңылыстырмайтын болып табылатынын растайды.

Мемлекеттік емес облигациялар айналыста болған кезеңде эмитент Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасының талаптарына сәйкес қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында бағалы қағаздар нарығындағы ақпаратты жариялауды қамтамасыз етеді.

## 1-тарау. Эмитенттің атауы және оның орналасқан жері туралы ақпарат

### 1. Құрылтай құжаттарына сәйкес эмитент туралы ақпарат:

1) эмитентті бастапқы мемлекеттік тіркеу күні;

03.01.2013

2) эмитентті мемлекеттік қайта тіркеу күні (қайта тіркеу жүзеге асырылған жағдайда);

03.01.2013

3) эмитенттің қазақ, орыс және ағылшын (бар болса) тілдеріндегі толық және қысқаша атауы;

Толық атауы

Қазақ тілінде

"Өскемен өнеркәсіптік арматура зауыты"  
Акционерлік қоғамы

Орыс тілінде

Акционерное общество "Усть-Каменогорский  
завод промышленной арматуры"

Ағылшын тілінде

Joint Stock Company «Ust-Kamenogorsk  
industrial valves plant»

Қысқартылған атауы

Қазақ тілінде

"Өскемен өнеркәсіптік арматура зауыты" АҚ

Орыс тілінде

АО "Усть-Каменогорский завод  
промышленной арматуры"

Ағылшын тілінде

JSC «Ust-Kamenogorsk industrial valves plant»

4) эмитенттің атауы өзгерген жағдайда оның барлық бұрынғы толық және қысқаша атаулары, сондай-ақ олардың өзгертілген күндері көрсетіледі;

*Эмитенттің атауы өзгерген жоқ.*

5) егер эмитент заңды тұлғаны (заңды тұлғаларды) қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған болса, онда қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаларға және (немесе) эмитентке қатысты құқықтық мирасқорлығы туралы мәліметтер көрсетіледі;

*Эмитент заңды тұлғаның (заңды тұлғалардың) қайта ұйымдастырылуы нәтижесінде құрылған жоқ.*

6) эмитенттің филиалдары мен өкілдіктері болған жағдайда, заңды тұлғалардың филиалдарының (өкілдіктерінің) есептік тіркелуі туралы анықтамаға сәйкес олардың атаулары, тіркелген (қайта тіркелген) күндері, орналасқан жерлері және эмитенттің барлық филиалдары мен өкілдіктерінің пошта мекенжайлары көрсетіледі;

*Эмитенттің филиалдары және өкілдіктері жоқ.*

7) эмитенттің бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

130140000564

8) ISO 17442 "Financial services - Legal Entity Identifier" (LEI) (Файнаншл сервисез – Лерал Энтити Айдэнтифайер) халықаралық стандартына сәйкес Legal Entity Identifier (Лерал Энтити Айдэнтифайер) коды (бар болса).

Эмитентте Legal Entity Identifier коды жоқ.

### 2. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға сәйкес байланыс телефондарының, факстың нөмірлері және электрондық поштаның мекенжайы, сондай-ақ эмитенттің нақты мекенжайы заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамада көрсетілген эмитенттің орналасқан жерінен өзгеше болған жағдайда нақты мекенжайы көрсетілген эмитенттің орналасқан жері.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Орналасқан жері: Қазақстан, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, көшесі  
Островский, ғимарат 49/7, пошта индексі 070001  
Нақты мекен-жайы: Қазақстан, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, көшесі  
Островский, ғимарат 49/7, пошта индексі 070001  
Телефон: +77017600397  
Факс:  
Электрондық пошта: info@uzpa.kz

## **2-тарау. Эмиссиялық бағалы қағаздар туралы, оларды төлеу және олар бойынша кіріс алу тәсілдері туралы мәліметтер**

### **3. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер:**

1) облигациялардың түрі. Егер облигациялар өтеу мерзімі жоқ облигациялар болып табылса, бұл туралы мәліметтер көрсетіледі;

Қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар

2) бір облигацияның номиналды құны (егер бір облигацияның номиналды құны индекстелген шама болса, онда бір облигацияның номиналды құнын есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі);

1 000 (бір мың) Теңге

қолданылмайды

3) облигациялардың саны;

500 000 (бес жүз мың)

4) облигациялар шығарылымның жалпы көлемі;

500 000 000 (бес жүз миллион) Теңге

5) облигацияның номиналды құн валютасы, облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы.

Теңге

### **4. Орналастырылатын облигацияларды төлеу тәсілі.**

Осы шығарылымның орналастырылған Облигациялары үшін төлем «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның (бұдан әрі - Биржа) ережелеріне сәйкес қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады

### **5. Облигациялар бойынша кіріс алу:**

1) облигациялар бойынша негізгі сыйақы мөлшерлемесінің және ол болған жағдайда қосымша сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері.

Қосымша сыйақы төленген жағдайда облигациялар бойынша қосымша сыйақы алудың басталуына немесе басталмауына байланысты болатын оқиғалар туралы ақпарат көздері көрсетіле отырып, облигациялар бойынша қосымша сыйақы мөлшерін айқындау тәртібі көрсетіледі;

Купондық сыйақы мөлшерлемесі Облигациялар айналысының бүкіл мерзіміне тиянақталған және Облигациялардың номиналды құнынан жылына 20,25% (жиырма бүтін жүзден жиырма бес пайыз) құрайды.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ (бұдан әрі – «Даму») субсидиялау мәселелері бойынша кредиттік комитеті Облигациялар айналысының бүкіл мерзіміне жалпы көлеміне мемлекеттік қолдау көрсету мүмкіндігін субсидиялау түрінде мақұлдау туралы шешім қабылдады, мұнда купондық сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігі жылына 14,25% (он төрт бүтін жүзден жиырма бес пайыз) құрайды. Осылайша, субсидияланбайтын бөлігі жылына 6% (алты

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



пайыз) құрайды. «Даму» купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауды, Эмитенттен Облигацияларды ұстаушыларға төленген сомалар туралы "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ (бұдан әрі - Орталық депозитарий) хабарламасы, ақпараттары және анықтамасы негізінде жүзеге асырады.

2) сыйақыны төлеу кезеңділігі және (немесе) облигациялар бойынша сыйақы төлеу күні;  
Облигациялар бойынша сыйақы төлеу Облигациялар айналысы басталған күннен бастап 3 (үш) ай сайын Облигациялар айналысының бүкіл мерзімі ішінде жылына 4 (төрт) рет жүргізіледі

3) облигациялар бойынша сыйақы есептеу басталатын күн;  
Облигациялар бойынша сыйақы есептеу облигациялардың айналысқа шыққан күнінен бастап басталады және олардың бүкіл айналыс мерзімі ішінде – алғашқы күнінен соңғы күніне дейін жүзеге асырылады

4) облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары, облигациялар бойынша сыйақы алу тәсілі;

Сыйақы оны алуға құқығы бар және Эмитенттің бағалы қағаздар ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде тіркелген тұлғаларға сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша (Облигацияларды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын Орталық депозитарий орналасқан жердегі уақыт бойынша) (бұдан әрі – "Тіркелген күні") төленеді.

Сыйақы төлеу Эмитенттің сыйақының субсидияланбайтын бөлігін тізілім Тіркелген күні Орталық депозитарийде ашқан шотқа аудару жолымен жүзеге асырылады. Қаражат аударылғаннан кейін Эмитент 3 (үш) жұмыс күні ішінде Орталық депозитарийге қаражаттың аударылғаны туралы құжаттың көшірмесін электрондық пошта арқылы жіберу арқылы хабарлайды. Хабарламада эмитент, өңір, сыйақы сомасы және төлем жүзеге асырылған кезең көрсетіледі.

Өз кезегінде, «Даму» Орталық депозитарийден Эмитент қаражатының түскені туралы хабарлама негізінде 3 (үш) жұмыс күні ішінде сыйақының субсидияланатын бөлігін Орталық депозитарийдің шотына аударады және бір мезгілде қаражатты аудару туралы құжаттың көшірмесін электрондық пошта арқылы жіберу арқылы Орталық депозитарийді хабардар етеді. Хабарламада эмитент, өңір, субсидия сомасы және төлем жүзеге асырылған кезең көрсетіледі. Орталық депозитарий төлем агентінің қызметтерін көрсету туралы шартта белгіленген мерзім ішінде Облигациялар бойынша сыйақыларды төлеуге арналған ақшаны Облигацияларды ұстаушылардың банк шоттарына аударуды жүзеге асырады.

Әрбір Облигация ұстаушысына төленуге жататын купондық сыйақы сомасы төлем күніне тиісті Облигация ұстаушысына тиесілі орналастырылған Облигациялардың номиналды құнының және купондық сыйақының тоқсандық мөлшерлемесінің (Облигациялар бойынша купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесі төртке бөлінген) туындысы ретінде есептеледі. Үтірден кейінгі белгілердің саны және дөңгелектеу әдісі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

Соңғы купондық кезең үшін купондық сыйақыны төлеу Облигациялар бойынша борыштың негізгі сомасын төлеумен бір мезгілде жүргізіледі. Облигациялар бойынша соңғы купондық сыйақыны төлеу тәртібі туралы ақпарат осы проспектінің 10-тармағы 2-тармақшасында көрсетілген.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



5) облигациялар бойынша сыйақы есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі.

Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу айналыстың бүкіл мерзімі ішінде жылына 360 (үш жүз алпыс) күн және айына 30 (отыз) күн уақыт базасына сүйене отырып жүргізілетін болады.

**6. Арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде жобалық қаржыландыру кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:**

- 1) ақшалай талаптардың сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің талаптары және болжанатын мерзімдері;
- 2) облигациялар ұстаушыларға негізгі шарт бойынша жасалған мүліктің меншік иесінің ауысуы туралы, кредиторлар өкілдерінің арнайы қаржы компаниясының органдарына енгізілуі және олардың өкілеттіктері туралы ақпаратты ұсыну тәртібі;
- 3) бөлінген активтер есебінен жүзеге асырылатын инвестициялық басқарумен, жобалық қаржыландыру мәмілесіне қызмет көрсетумен байланысты;
- 4) бір облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған түрлі шығарылымдардың облигацияларын өтеу және сыйақы төлеу тәртібі мен кезектілігі (облигациялық бағдарлама проспектісінде көрсетіледі);
- 5) арнайы қаржы компаниясы банкрот болған кезде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын ұстаушылардың талаптарын қанағаттандыру тәртібі мен кезектілігі.

Қолданылмайды

**7. Арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде секьюритилендіру кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:**

- 1) оригиналдың, кастодиан-банктің, инвестициялық портфельді басқарушының, арнайы қаржы компаниясының және басқаға берілген талап ету құқықтары бойынша төлемдерді жинайтын тұлғаның атауы мен орналасқан жері;
- 2) секьюритилендіру мәмілесіндегі оригинал қызметінің мәні, құқықтары мен міндеттері;
- 3) талап ету құқықтарының сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің талаптары, тәртібі мен мерзімдері және олардың орындалуына бақылау жасау тәртібі;
- 4) бөлінген активтер бойынша уақытша бос түсімдерді инвестициялау тәртібі;
- 5) талап ету құқықтары біртектілігінің өлшемшарттары;
- 6) бір облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған түрлі шығарылымдардың облигацияларын өтеу және сыйақы төлеу тәртібі мен кезектілігі (облигациялық бағдарлама проспектісінде көрсетіледі);
- 7) арнайы қаржы компаниясы банкрот болған кезде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын ұстаушылардың талаптарын қанағаттандыру тәртібі мен кезектілігі.

Қолданылмайды

**3-тарау. Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру, айналысы, өтеу шарттары мен тәртібі, сондай-ақ Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша шарттары**

**8. Облигацияларды орналастыру шарттары және тәртібі:**

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



1) облигацияларды орналастырудың басталған күні;

Облигацияларды орналастырудың басталу күні Облигациялар айналысының басталу күні болып табылады

2) облигацияларды орналастырудың аяқталған күні;

Облигацияны орналастырудың аяқталу күні Облигациялардың айналыс мерзімінің соңғы күні болып табылады

3) онда облигацияларды орналастыру жоспарланған нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы).

ұйымдастырылған нарығы

## **9. Облигациялар айналысының талаптары және тәртібі:**

1) облигациялар айналысының басталу күні;

Облигациялардың айналысының басталу күні Биржа ережелеріне сәйкес өткізілетін Облигацияларды орналастыру бойынша Бірінші аукционның күні болып табылады. Облигациялар айналысының басталу күні туралы ақпарат Биржаның ресми интернет-ресурсында ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) жарияланады.

2) облигациялар айналысының аяқталу күні (өтеу мерзімінсіз облигациялар шығарылған жағдайда толтырылмайды);

Облигациялар айналысының аяқталу күні Облигациялардың айналыс мерзімінің соңғы күні болып табылады.

3) облигациялар айналысының мерзімі (өтеу мерзімінсіз облигациялар шығарылған жағдайда толтырылмайды);

Жылдар: 3

Айлар:

Күндер:

4) облигациялар айналысы жоспарланған нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы).

ұйымдастырылған нарығы

ұйымдастырылмаған нарығы

## **10. Облигацияларды өтеу талаптары және тәртібі:**



1) облигацияларды өтеу күні (өтеу мерзімінсіз облигациялар шығарылған жағдайда толтырылмайды);

Облигациялардың айналыс мерзімінің соңғы күнінен кейінгі 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде

2) облигацияларды өтеу тәсілі (өтеу мерзімінсіз облигациялар шығарылған жағдайда толтырылмайды);

Облигациялар бойынша негізгі борышты өтеу бойынша төлемдер Облигациялар бойынша соңғы купондық сыйақыны бір мезгілде төлеумен жүзеге асырылады.

Соңғы купондық сыйақыны қоса алғанда, Облигацияларды өтеуге арналған ақша Эмитент уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен және мерзімдерде Облигацияларды өтеуге (мерзімінен бұрын өтеуге) арналған соманы есептеу үшін орталық депозитарийде ашылған шотқа Облигацияларды ұстаушылардың әрбір Облигация ұстаушысына төленуге жататын сома туралы ақпаратты қамтитын тізімін қоса бере отырып аударады.

Орталық депозитарий Облигацияларды өтеуге (мерзімінен бұрын өтеуге) арналған ақшаны уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен Облигацияларды ұстаушылардың осы банк шоттарына аударуды жүзеге асырады.

3) егер облигацияларды өтеу кезінде сыйақыны және номиналды құнын төлеу облигациялар шығарылымы проспектісіне сәйкес өзге мүліктік құқықтармен жүргізілетін болса, осындай құқықтардың, оларды сақтау тәсілдерінің, бағалау тәртібінің сипаттамасы және көрсетілген құқықтарды жүзеге асыруға құзыретті тұлғалар, сондай-ақ осы құқықтарға өтуді іске асыру тәртібі келтіріледі.

Облигацияларды өтеу кезінде сыйақы мен номиналды құнын төлеу өзге мүліктік құқықтармен жүргізілмейді

## **11. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша шарттары болған жағдайда:**

1) облигацияларды сатып алу құқықтарын іске асыру тәртібі, талаптары;

Директорлар кеңесінің тиісті шешімі қабылданған жағдайда Эмитент Облигацияларды айналыстың бүкіл мерзімі ішінде ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда толық немесе ішінара сатып алуға құқылы.

Эмитенттің Облигацияларды кері сатып алу бағасының анықталуы:

- ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында кері сатып алуды жүзеге асырған кезде – сатып алу күніндегі Биржадағы сауда-саттық нәтижесінде белгіленген баға бойынша;

- ұйымдастырылмаған нарықта кері сатып алуды жүзеге асырған кезде – Эмитент сатып алған кезде өзіне тиесілі Облигацияларды сатуды жоспарлап отырған Эмитент пен Облигация ұстаушы келіскен баға бойынша.

Орналастырылған облигациялар саны (қайтарылып алынғандарын шегергенде) туралы ақпарат Эмитент тарапынан Биржа ережелеріне сәйкес ашылады.

Эмитенттің Облигацияларды сатып алуы Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын, сондай-ақ Эмитенттің өз Облигацияларымен мәмілелер жасау тәртібі туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзуға әкеп соқпауға тиіс.

Ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда сатып алынған Облигациялар өтелген болып есептелмейді және Эмитент өзінің өтелген Облигацияларын ұйымдастырылған

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарықтарында олардың айналысының бүкіл мерзімі ішінде кері сатуға құқылы.

2) облигацияларды сатып алу құқықтарын іске асыру мерзімі көрсетіледі.

Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигацияларды ұстаушылардың назарына осындай шешім қабылдау туралы ақпаратты тиісті ақпараттық хабарламаны Биржаның ресми интернет-ресурсында ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (бұдан әрі – «ҚЕД») интернет-ресурсында ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) орналастыру арқылы жеткізуге міндетті.

Эмитент орналастырған Облигацияларды сатып алу Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімімен айқындалған күні жүзеге асырылады.

Жарияланған мәліметтер келесі деректерді қамтуы тиіс:

- Облигацияларды сатып алу жүзеге асырылатын нарыққа (ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған) нұсқау;
- Облигацияларды сатып алу жүргізілетін бағаны есептеу;
- сатып алынатын Облигациялар саны;
- Облигацияларды сатып алуды өткізу күні;
- есеп айырысу тәртібі, оның ішінде:

–ұйымдастырылмаған нарық үшін - (а) Облигацияларды ұстаушылардың Облигацияларды сатып алу нәтижесінде оларды есептен шығаруға Облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге бұйрықтар беру тәртібі және (б) Облигацияларды ұстаушыға өзінен сатып алынған облигацияларды төлеуге ақша қаражатын аудару тәртібі;

–ұйымдастырылған нарық үшін – облигацияларды сатып алу бойынша сауда-саттықты өткізу әдісіне нұсқау.

- Эмитенттің Облигацияларды сатып алуды ұйымдастыру үшін қажетті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де мәліметтер.

Ұйымдастырылмаған нарықта Облигацияларды сатып алған жағдайда, өздеріне тиесілі Облигацияларды толық немесе ішінара сатқысы келетін Облигацияларды ұстаушылар Эмитенттің Директорлар кеңесі қабылдаған Облигацияларды сатып алу туралы шешім туралы ақпараттық хабарлама алғаш жарияланған күннен кейінгі 10 (он) жұмыс күні ішінде Эмитенттің атына тиісті жазбаша өтініш беруге құқылы.

Облигацияларды ұйымдастырылған нарықта сатып алған жағдайда, Облигацияларды ұстаушылардың өздеріне тиесілі Облигацияларды сатуға өтініш беру тәртібі Биржаның ішкі құжаттарымен реттеледі.

Өздеріне тиесілі облигацияларды өтеу туралы жазбаша талаптарды ұсынбаған облигация ұстаушыларының облигациялары облигациялардың айналым мерзімі аяқталғаннан кейін осы шарттарда көзделген тәртіппен өтеледі.

#### **4-тарау. Ковенанттар (шектеулер), олар бар болса**

### **12. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген қосымша ковенанттар (шектеулер)**

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



## белгіленген жағдайда:

1) эмитент қабылдайтын және бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген ковенанттардың (шектеулердің) сипаттамасы;

Облигациялардың айналысының бүкіл мерзімі ішінде Эмитент келесі қосымша ковенанттарды (шектеулерді) сақтауы тиіс:

- Эмитент пен Биржа арасында жасалған листингтік шартта және/немесе Биржаның өзге де ішкі құжаттарында белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті ұсыну мерзімдерінің бұзылуына жол бермеу;

- Эмитент пен Биржа арасында жасалған листингтік шарттар және/немесе Биржаның өзге де ішкі құжаттарында белгіленген Эмитенттің жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептерді ұсыну мерзімінің бұзылуына жол бермеу.

2) ковенанттар (шектеулер) бұзылған кездегі эмитенттің іс-әрекетінің тәртібі;

Осы тармақпен көзделген кез келген ковенанттар (шектеулер) бұзылған жағдайда, Эмитент бұл бұзушылық орын алған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигация ұстаушыларын бұл бұзушылық туралы, оның туындау себебі, жою тәсілі және мерзімі көрсетілген ақпаратпен хабардар етуге міндетті. Аталған ақпарат Облигация ұстаушыларға Биржаның ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және ҚЕД ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарлама жариялау арқылы жеткізіледі.

Егер Облигацияларды сатып алу туралы кемінде бір жазбаша өтініш келіп түссе, Эмитенттің Директорлар кеңесі жазбаша өтініштерді қабылдау кезеңінің соңғы күнінен кейінгі 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдауға міндетті.

Эмитент Директорлар кеңесінің Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күнінен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигация ұстаушыларын бұл туралы хабардар етуі тиіс. Ақпарат Биржаның ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және ҚЕД ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми интернет-ресурстарында жарияланады. Жарияланатын ақпаратта мына мәліметтер қамтылуы қажет:

- облигациялар сатып алынатын нарық (ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған);

- облигацияларды сатып алу бағасы және оның есептеу тәртібі;

- сатып алынатын облигациялардың саны;

- облигацияларды сатып алу күні;

- есеп айырысу тәртібі, оның ішінде:

- Ұйымдастырылмаған нарық үшін: а) Облигацияларды сатып алу нәтижесінде оларды есептен шығару туралы облигация ұстаушылардың реестрді жүргізу қызметін жүзеге асыратын Орталық депозитарийге бұйрық беру тәртібі және б) сатып алынған облигациялар үшін облигация ұстаушысына ақшалай қаражат аудару тәртібі.

- Ұйымдастырылған нарық үшін: Облигацияларды кері сатып алу бойынша сауда жүргізу әдісін көрсету.

- Қазақстан Республикасының заңнамасымен талап етілетін және сатып алу рәсімін ұйымдастыру үшін қажетті басқа да мәліметтер.

Эмитент орналастырылған Облигацияларды сатып алуды Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырады.

Эмитент Облигация ұстаушыларының талабы бойынша Облигацияларды келесі бағалардың ең

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



жоғарғысы бойынша сатып алуды жүзеге асыруға міндетті:

- i. жиналған, бірақ төленбеген сыйақыны ескере отырып, мемлекеттік емес облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін бағамен;
- ii. қор биржасының сауда жүйесіне айналысқа жіберілген қаржы құралдарын бағалау әдістемесіне сәйкес айқындалған мемлекеттік емес облигациялардың нарықтық бағасымен (осындай баға болған кезде);
- iii. Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес бағалаушы айқындаған бағамен (егер эмитенттің облигациялары бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айналысқа түспесе).

3) ковенанттар бұзылған кездегі облигация ұстаушылардың іс-әрекетінің тәртібі көрсетіледі.

Облигацияларды ұстаушылар Эмитенттің кез келген қосымша ковенанттарды (шектеулерді) бұзғаны туралы ақпаратпен Биржаның ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және ҚЕД ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми интернет-ресурстарында осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген мерзімдерде таныса алады.

Эмитенттің осы тармақта көзделген кез келген қосымша ковенанттарды (шектеулерді) бұзғаны туралы ақпарат алғаш жарияланған күннен кейінгі 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде Облигацияларды ұстаушылардың Эмитенттің атына беруге құқығы бар, ал Эмитент сатып алуға мәлімделген Облигациялар санын көрсете отырып, өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініштерді қабылдауға міндетті.

Эмитенттің Директорлар кеңесінің Облигацияларды сатып алу туралы шешімі туралы ақпаратты, оның ішінде Облигацияларды сатып алуды өткізу күнін Облигация ұстаушылары Биржаның ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және ҚЕД ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми интернет-ресурстарынан осы тармақтың 2) тармақшасында белгіленген мерзімде таба алады.

Облигацияларды ұстаушы өзіне тиесілі Облигацияларды барлық қажетті деректемелерді көрсете отырып, еркін нысанда сатып алу туралы өтініш беруі тиіс:

- заңды тұлға үшін: Облигация ұстаушының атауы; бизнес сәйкестендіру нөмірі; мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің (анықтаманың) нөмірі, берілген күні және берген орган; заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері; телефондар; банк деректемелері; сатып алуға жататын Облигациялардың саны мен түрі;
- жеке тұлға үшін: Облигация ұстаушының тегі, аты және бар болған жағдайда әкесінің аты; жеке сәйкестендіру нөмірі; жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, күні және берген орган; тұрғылықты жері; телефон; банк деректемелері; сатып алуға жататын Облигациялардың саны мен түрі. Эмитенттің Директорлар кеңесінің Облигацияларды сатып алу туралы шешімі туралы ақпаратты, оның ішінде Облигацияларды сатып алуды өткізу күнін Облигация ұстаушылары Биржаның ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және ҚЕД ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми интернет-ресурстарынан осы тармақтың 2) тармақшасында белгіленген мерзімде таба алады.

Эмитенттің Директорлар кеңесінің Облигацияларды сатып алу туралы тиісті шешімімен Облигацияларды сатып алуды ұйымдастыру үшін қажетті Облигацияларды ұстаушылардан Облигацияларды сатып алу үшін осы тармақтың 2) тармақшасында белгіленген мерзім шегінде қосымша мәліметтер алу қажеттілігі көзделуі мүмкін.

Ұйымдастырылған нарықта сатып алу жүргізілген жағдайда, Облигацияларды ұстаушылардың өздеріне тиесілі Облигацияларды сатуға өтініш беру тәртібі Биржаның ішкі құжаттарымен реттеледі.

Ұйымдастырылмаған нарықта сатып алу жүргізілген жағдайда, Облигацияларды сатып алу

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



жүргізілген күні Облигацияларды ұстаушы Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімінде айқындалған тәртіппен Облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийдің атына өзіне тиесілі Облигацияларды есептен шығаруға бұйрық беруге тиіс.

Сатып алуға өтініш бермеген Облигацияларды ұстаушылардың осы проспектіде көрсетілген айналыс мерзімі аяқталғаннан кейін оларға тиесілі Облигацияларды өтеуге құқығы бар.

## **5-тарау. Эмиссиялық бағалы қағаздарды конвертациялау талаптары, мерзімдері мен тәртібі (конвертацияланатын бағалы қағаздарды шығару кезінде)**

### **13. Конвертацияланатын облигациялар шығарылған кезде мынадай мәліметтер қосымша көрсетіледі:**

Қолданылмайды

**6-тарау. Шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын облигациялар эмитенті мүлкінің құнын көрсете отырып, осы мүлік туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген облигациялар бойынша)**

### **14. Шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын эмитенттің мүлкі туралы мәліметтер:**

1) осы мүліктің құнын көрсете отырып шығарылған облигациялар бойынша қамтамасыз етудің сипаттамасы;

Бұл шығарылымның облигациялары қамтамасыз етілген болып табылмайды

2) қамтамасыз ету құнының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық арақатынасы;

Бұл шығарылымның облигациялары қамтамасыз етілген болып табылмайды

3) кепіл затын өндіріп алу тәртібі.

Бұл шығарылымның облигациялары қамтамасыз етілген болып табылмайды

### **15. Атауын, орналасқан жерін, кепіл шартының деректемелерін, кепілдік мерзімі мен талаптарын көрсете отырып, кепілдік берген тұлғаның деректері (егер облигациялар банктің кепілдігімен қамтамасыз етілсе).**

Бұл шығарылымның облигациялары қамтамасыз етілген болып табылмайды

### **16. Инфрақұрылымдық облигациялар шығарылған кезде - концессия шартының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекет кепілгерлігін беру туралы қаулысының деректемелері.**

Бұл шығарылымның облигациялары инфрақұрылымдық болып табылмайды

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



## **7-тарау. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты**

### **17. Облигацияларды орналастырудан эмитент алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары.**

1) Эмитент облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары көрсетіледі

Облигациялар орналастырудан түскен қаражат айналым қаражатын толықтыруға бағытталады, оған шикізат пен материалдарды сатып алу, көлік қызметтерін төлеу және қызметкерлердің еңбекақысын төлеу кіреді (және салықтық міндеттемелерді, зейнетақы мен әлеуметтік аударымдарды, кедендік төлемдер/алымдар/баждарды төлеуді қоспайды)

2) "Жасыл", әлеуметтік облигациялар, орнықты даму облигациялары және орнықты дамуға байланысты облигациялар шығарылған жағдайда эмитентте облигациялар шығару жөніндегі негіздемелік бағдарламаның болуы туралы ақпарат көрсетіледі

3) "Жасыл" облигациялар шығарылған жағдайда, облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсатының Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3-тармағында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат көрсетіледі

4) Әлеуметтік облигациялар шығарылған жағдайда қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын әлеуметтік міндеттерді іске асыруға бағытталған тиісті жобаның қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ оның Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 4-тармағында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі

5) Орнықты даму облигацияларын шығарған жағдайда қаржыландыруға (іске асыруға) осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын "жасыл" және әлеуметтік жобалардың үйлесімінің қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ олардың Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3 және 4-тармақтарында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі

6) "Жасыл", әлеуметтік облигациялар және орнықты даму облигациялары шығарылған жағдайда қосымша:

қаржыландыру үшін осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылған жобаны іске асыру барысы туралы ақпаратты ашуды эмитент жүзеге асыратын ақпарат көздері егер қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылған жоба Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3 және 4-тармақтарында белгіленген жобаларға сәйкес келмейтін болса, эмитент қолданатын шаралар көрсетіледі

7) Орнықты дамуға байланысты облигациялар шығарылған жағдайда:

эмитент алдын ала белгілеген оларға қол жеткізу мерзімдерін көрсете отырып, орнықты даму саласындағы қызметтің нақты нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау үшін пайдаланылатын тиімділіктің негізгі көрсеткіштері

көрсетілген көрсеткіштерді есептеу әдістемесі



эмитент қол жеткізген жағдайда қолданысқа енетін, орнықты дамуға байланысты облигациялардың қаржылық және (немесе) құрылымдық сипаттамалары эмитент өзі белгілеген негізгі көрсеткіштердің орындалуы туралы ақпаратты ашуды жүзеге асыратын ақпарат көздері сипатталады

8) Орналастырудан түскен ақша жобаны қаржыландыруға бағытталатын инвестициялық облигациялар шығарылған жағдайда, осы жобаның қысқаша сипаттамасы келтіріледі

Бұл шығарылымдағы облигациялар "жасыл", әлеуметтік облигациялар, орнықты даму облигациялар, орнықты дамуға байланысты облигациялар және инвестициялық облигациялары емес.

**18. Эмитент бұрын орналастырған, айналыс мерзімі өткен облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен төленетін облигацияларды шығару кезінде (эмитент сатып алған облигацияларды шегергенде) осы облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығарылымының көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі.**

Қолданылмайды

**8-тарау. Эмитенттің орналастырылған (акционерлік қоғам сатып алғандарын қоспағанда) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан көп пайызын иеленген құрылтайшылары туралы немесе ірі акционерлері (қатысушылары) туралы мәліметтер**

**19. Эмитенттің орналастырылған (акционерлік қоғам сатып алғандарын қоспағанда) акцияларының (жарғылық капиталына қатысу үлестерінің) он немесе одан астам пайызын иеленген құрылтайшылар немесе ірі акционерлер (қатысушылар) туралы мәліметтер:**

Құрылтайшы немесе ірі акционер (қатысушы) - жеке тұлға

| Акционердің Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса) | Құрылтайшы немесе ірі акционер (қатысушы) | Құрылтайшыға немесе ірі акционерге (қатысушыға) тиесілі Эмитенттің |
|-------------------------------------------------|-------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------|
| Ашимова Динара Мамиевна                         | 12.04.2013                                | 10                                                                 |
| Сим Валентина Александровна                     | 25.04.2018                                | 10                                                                 |

Құрылтайшы немесе ірі акционер (қатысушы) - заңды тұлға

| Акционердің толық атауы                           | Құрылтайшы немесе ірі акционер (қатысушы) | Құрылтайшыға немесе ірі акционерге (қатысушыға) тиесілі Эмитенттің |
|---------------------------------------------------|-------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------|
| "Мицар 2013" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 22.07.2013                                | 80                                                                 |

**9-тарау. Эмитенттің басқару органы және атқарушы органы туралы мәліметтер**

**20. Эмитенттің басқару органы туралы мәліметтер:**

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Директорлар кеңесінің немесе Байқау кеңесінің төрағасы және мүшелері (директорлар Кеңесінде тәуелсіз (тәуелсіз) директорды (директорларды) көрсете отырып):

Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса) Чайжунусов Сергей Токанович

Лауазымы: «Өскемен өнеркәсіптік арматура зауыты» АҚ-ның Директорлар кеңесінің төрағасы

Директорлар кеңесінің немесе Байқау кеңесінің мүшелерін сайлау күні 22.05.2013

Соңғы 3 (үш) жылдағы және қазіргі уақытта хронологиялық тәртіппен еңбек қызметі туралы мәлімет 22.05.2013ж. - қазіргі уақытқа дейін: «Өскемен өнеркәсіптік арматура зауыты» АҚ-ның Директорлар кеңесінің төрағасы

Эмитенттің директорлар кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі эмитенттің дауыс беруші акцияларының пайыздық арақатынасы немесе эмитенттің бақылау кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің дауыс беруші акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы 0 %

Эмитенттің еншілес және тәуелді ұйымдарындағы Директорлар кеңесінің немесе Байқау кеңесінің әрбір мүшесіне тиесілі акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) көрсетілген ұйымдардың орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жалпы санына пайыздық арақатынасы Эмитенттің еншілес және тәуелді ұйымдары жоқ

Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса) Ашимов Ержан Жанабаевич

Лауазымы: «Өскемен өнеркәсіптік арматура зауыты» АҚ-ның Бас директоры

Директорлар кеңесінің немесе Байқау кеңесінің мүшелерін сайлау күні 24.05.2013

Соңғы 3 (үш) жылдағы және қазіргі уақытта хронологиялық тәртіппен еңбек қызметі туралы мәлімет 24.05.2013ж. – қазіргі уақытқа дейін: «Өскемен өнеркәсіптік арматура зауыты» АҚ-ның Бас директоры

Эмитенттің директорлар кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі эмитенттің дауыс беруші акцияларының пайыздық арақатынасы немесе эмитенттің бақылау кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің дауыс беруші акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы 0 %

Эмитенттің еншілес және тәуелді ұйымдарындағы Директорлар кеңесінің немесе Байқау кеңесінің әрбір мүшесіне тиесілі акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) көрсетілген ұйымдардың орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жалпы санына пайыздық арақатынасы Эмитенттің еншілес және тәуелді ұйымдары жоқ



Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса) Пан Андрей Петрович

Лауазымы: «Армукс» ЖШС-тің Бас директоры, «Өскемен өнеркәсіптік арматура зауыты» АҚ-ның Директорлар кеңесінің мүшесі (тәуелсіз директор)

Директорлар кеңесінің немесе Байқау кеңесінің мүшелерін сайлау күні 03.03.2025

Соңғы 3 (үш) жылдағы және қазіргі уақытта хронологиялық тәртіппен еңбек қызметі туралы мәлімет 31.01.2018ж. – қазіргі уақытқа дейін: «Армукс» ЖШС-тің Бас директоры

Эмитенттің директорлар кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі эмитенттің дауыс беруші акцияларының пайыздық арақатынасы немесе эмитенттің бақылау кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің дауыс беруші акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы 0 %

Эмитенттің еншілес және тәуелді ұйымдарындағы Директорлар кеңесінің немесе Байқау кеңесінің әрбір мүшесіне тиесілі акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) көрсетілген ұйымдардың орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жалпы санына пайыздық арақатынасы Эмитенттің еншілес және тәуелді ұйымдары жоқ

## **21. Эмитенттің алқалы органы немесе атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлға:**

Атауы Ашимов Ержан Жанабаевич

Лауазымы: «Өскемен өнеркәсіптік арматура зауыты» АҚ-ның Бас директоры

Атқарушы органның құрамына сайланған күн 01.04.2024

Тұлғаның өкілеттілігі Эмитент Жарғысына сәйкес Бас директордың өкілеттігі:

1. акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
2. үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
3. үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;
4. Қоғам қызметкерлерін қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады, Қоғамның штат кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының және айлықақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, Қоғамның ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Қоғам қызметкерлеріне берілетін сыйлықақы мөлшерін айқындайды;
5. өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін орынбасарларының біріне жүктейді;
6. жарғыда, акционерлерінің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерінде белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады

24.05.2013г. – қазіргі уақытқа дейін: «Өскемен өнеркәсіптік арматура зауыты» АҚ-ның Бас директоры / Директорлар кеңесінің мүшесі

Эмитенттің жеке тұлғаға тиесілі дауыс беретін акцияларының пайыздық арақатынасы немесе эмитенттің әрбір тұлғаға тиесілі жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің Эмитенттің дауыс беретін акцияларының немесе жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы 0 %

## **22. Егер эмитенттің атқарушы органының өкілеттіктері басқа коммерциялық ұйымға (басқарушы ұйымға) берілген болса, онда мыналар көрсетіледі:**

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Эмитенттің атқарушы органының өкілеттігі басқа коммерциялық ұйымға (басқарушы ұйымға) берілмеді.

Осы тармақтың талаптары акционерлік қоғамдарға қолданылмайды.

## **10-тарау. Эмитент қызметінің негізгі түрлерін көрсете отырып, эмитенттің қаржы-экономикалық және шаруашылық қызметінің көрсеткіштері**

### **23. Эмитент қызметінің түрлері.**

#### **1) қызметтің негізгі түрі:**

Эмитент бекіту арматура және мұнай-газ өндірісі жабдықтарын (крандар, клапандар, вентильдер) өндірумен айналысады.

#### **2) маусымдық сипатқа ие қызмет түрлерін және эмитенттің жалпы кірісіндегі олардың үлесін көрсете отырып эмитент қызметі түрлерінің қысқаша сипаттамасы.**

Эмитенттің Жарғысына сәйкес, оның негізгі қызмет түрлері мыналар болып табылады:

- мұнай- және газ құбырларына, химиялық және металлургиялық кәсіпорындарға, энергетикалық кешен кәсіпорындарына, су тасушы және суарушы жүйелерге және т.с.с арналған құбырлы арматураларды өндіру;
- мұнай кәсіпшілігі және газ кәсіпшілігі құралдарын, мұнай өндіруші құралдарға және өзге де машина жасайтын өнімдерге қосалқы бөлшектерді өндіру;
- қысым астында жұмыс жасайтын қазандар, ыдыстар және құбырларды жобалау, құрылысын жүргізу және пайдалану;
- геологиялық барлау құралдарын, көтергіш құрылғыларды, сонымен қатар - қысым астында жұмыс жасайтын қазандар, ыдыстар және құбырларды жасау, құрастыру және жөндеу;
- темір жол көлігімен жүктерді тасымалдау;
- қауіпті жүктерді көліктің барлық түрлерімен тасымалдау;
- құрылыс, жөндеу-құрылыс, қосу-жөндеу және шефмонтаждау жұмыстарын жүргізу;
- шетелдік жұмыс күшін тартумен, сонымен қатар Қазақстан Республикасынан жұмыс күшін сыртқа шығарумен байланысты қызметтер;
- мұнай өнімдерін және жанар-жағар май материалдарын сатып алу, қайта өңдеу және сату;
- сертификациялық және метрологиялық қызметтер көрсету;
- көтерме және бөлшектеп сатуды қоса алғандағы сауда-сатып алу қызметі, өндірістік және азық-түлік тауарларын, ауылшаруашылық өнімдерін саудалау бойынша коммерциялық магазиндерді ұйымдастыру, комиссиялық қызмет;
- лизингтік және айырбастау операцияларын ұйымдастыру;
- халық тұтыну тауарларын және өндірістік-техникалық мақсаттардағы тауарларды өндіру;
- ішкі және сыртқы нарықтарға алдыңғы қатарлы технологияларды және өнертабыстарды өндіру;

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



- қойма шаруашылығын жүргізу, консигнациялық және кеден қоймаларын ұйымдастыру;
- өнімдердің, тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің экспорты және импорты бойынша сауда операцияларын және өзге де сыртқы экономикалық қызметтерді жүргізу;
- баспа және жарнама –ақпараттық қызметті жүргізу;
- жоғары жиілікті коммуникациялық қызметтерді қолдану;
- жоғары жиілікті коммуникациялық радиобайланысты қолдану;
- ведомстволық қауіпсіздік қызметін және күзетші қорғауын құру;
- кәсіпорындарға және халыққа делдалдық, коммерциялық, көліктік, құқықтық, консалтингтік қызметтерді көрсету;
- медициналық, дәрігерлік қызметпен айналысу;
- тұрғын үйлерді, мәдени және әлеуметтік-тұрмыстық мақсаттардағы объектілердің құрылысын жүргізу;
- инвестициялық және өкілдік қызмет;
- электр қуатын қайта сату мақсатымен сатып алу;
- тауарларды өндіру және сату, ұйымдар мен азаматтарға жұмыстар жасау және қызметтер көрсету;
- конструкторлық-технологиялық өңдеулерді жүргізу;
- маркетинг, сыртқыэкономикалық және коммерциялық қызмет, кез келген номенклатурадағы тауарлардың импортын, экспортын қосқандағы брокерлік және делдалдық операцияларды жүргізу;
- құрылыс-монтаждық және жобалау жұмыстарын ұйымдастыру және жүзеге асыру;
- құбырлардың бітеу-реттеу қосындыларына сертификациялық және өзге де сынақтар жүргізу;
- түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, қайта өңдеуі және сатуы (соның ішінде экспорты);
- Қазақстан Республикасы заңдарымен тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлері.

Эмитент маусымдық сипатқа ие қызмет түрлерін жүзеге асырмайды.

3) эмитенттің бәсекелестері болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер.

1. "Өскемен арматура зауыты" АҚ (жеке кәсіпкерлік субъектінің санаты - ірі бизнес)
2. "Завод КазАрматура" ЖШС (орта бизнес)
3. "Петромашзавод" ЖШС (орта бизнес)
4. "Қазақстан құбыр арматура зауыты" ЖШС (кіші бизнес)

4) эмитент қызметінің негізгі түрлері бойынша сатулардың (жұмыстардың, қызметтердің) кірістілігіне оң және теріс ықпал ететін факторлар.

Оң факторлар:

- Қазақстан экономикасының оң өсімі, бұл мұнай мен газды тасымалдауға арналған құбыр инфрақұрылымын жаңарту мен құруды қоса алғанда, инфрақұрылымдық жобаларға инвестиция салумен қатар жүреді.
- Қазақстанның металлургиялық кешенінде жергілікті өндірісті қолдау және дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың болуы, соның ішінде тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алудағы қазақстандық мазмұн талаптары.
- Қазақстан Республикасында мұнай мен газ барлау және өндіру көлемінің артуы.
- Мұнай өңдеу және өндіру өнеркәсібіндегі жабдықтардың тозуы.

Теріс факторлар:

- Қазақстандағы экономикалық өсімнің баяулауы іскерлік белсенділіктің төмендеуіне ықпал

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



етеді.

- Мұнай мен газ бағасының (котиروнкаларының) төмендеуі мұнай-газ саласына (мұнай-газ жабдықтарына) салынатын инвестициялардың азаюына әкеледі.
- Қытайлық құбыр (жапқыш) арматурасын жеткізушілер/дистрибьюторлар тарапынан Қазақстан нарығындағы бәсекелестіктің артуы.
- Жергілікті нарықта білікті мамандардың тапшылығы және олардың қымбаттауы.
- Шикізат пен материалдар құнының өсуі.
- Тапсырыс берушілердің бюджеттері мұнай мен газдың әлемдік бағасына тікелей тәуелді.

5) эмитенттің лицензиялары (патенттері) және олардың қолданылу кезеңі, зерттеулер мен әзірлемелерге, оның ішінде эмитент демеушілік көрсететін зерттеу әзірлемелеріне кеткен шығындар туралы ақпарат.

Эмитенттің негізгі қызметі лицензияланатын қызмет түрлеріне жатпайды.

Эмитент ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді, оның ішінде зерттеу жобаларын жүргізбейді және қаржыландырмайды.

6) эмитентке жеткізілетін (көрсетілетін) шикізаттардағы (жұмыстардағы, қызметтердегі) импорттың үлесі және эмитент экспортқа сататын (көрсететін) өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) сатылатын өнімнің (көрсетілетін жұмыстардың, қызметтердің) жалпы көлеміндегі үлесі.

0 %.

Эмитентке жеткізілетін (көрсетілетін) шикізаттағы (жұмыстардағы, көрсетілетін қызметтердегі) импорттың үлесі:

31,9 %.

7) оның қатысуымен өткен сот процестерінің мәнін көрсете отырып, эмитент қызметінің тоқтатылу немесе өзгеру, эмитенттің активтерінің жалпы көлемінен 10 (он) және одан артық пайыз мөлшерінде одан ақшалай және өзге міндеттемелерді өндіріп алу тәуекелімен байланысты сот процестеріне эмитенттің қатысуы туралы мәліметтер.

Эмитент қызметін тоқтату немесе өзгерту, сондай-ақ эмитенттен 10 (он) және одан көп пайызды құрайтын ақша және басқа да міндеттемелерді өндіріп алу тәуекеліне байланысты сот процестеріне қатыспайды.

8) эмитенттің қызметіне ықпал ететін басқа тәуекел факторлары.

Эмитент осы проспекте көрсетілгендерден басқа тәуекел факторларының бар екенін болжамайды

**24. Эмитент өндіретін немесе тұтынатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) жалпы құнының 10 (он) және одан астам пайызын құрайтын көлемде оның тауарларын (жұмыстарын, қызметтерін) тұтынушылар мен жеткізушілер туралы мәліметтер.**

Тұтынушылар туралы мәліметтер:

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



| Атауы                                                                                                | Эмитент өндіретін тауарлардың<br>(жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------|
| «TENGE Oil & Gas» ЖШС<br>(кестеде көрсетілген деректер<br>31.12.2024ж. жағдайына сәйкес<br>берілген) | 16,8                                                                      |
| «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ                                                                               | 32,6                                                                      |

Жеткізушілер туралы мәліметтер:

| Атауы                                                                                        | Эмитент тұтынатын тауарлардың<br>(жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) |
|----------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------|
| «Арм-Сауда» ЖШС (кестеде<br>көрсетілген деректер 31.12.2024<br>ж. жағдайына сәйкес берілген) | 21,2                                                                      |
| «Армукс» ЖШС                                                                                 | 22,5                                                                      |
| «Сербиян» ЖШС                                                                                | 29,4                                                                      |

**25. Әрбір активтің тиісті баланстық құнын көрсете отырып, эмитент активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан астам пайызын құрайтын эмитенттің активтері.**

31.12.2024ж. жағдай бойынша баланстық құны:

Саудалық дебиторлық берешек, 3 045 284 мың теңге

Алдын ала төленген аванстар және өзге де ағымдағы активтер, 1 486 524 мың теңге

Қорлар, 2 250 052 мың теңге

Негізгі құралдар, 3 323 089 мың теңге

**26. Эмитент активтерінің баланстық құнының 10 (он) және одан астам пайызы мөлшердегі дебиторлық берешек:**

| Дебитордың атауы | Өтеуге тиісті сомалар (алдағы 12 (он екі) ай ішінде) |
|------------------|------------------------------------------------------|
| жоқ              | жоқ                                                  |

**27. Эмитенттің эмитент міндеттемелерінің баланстық құнының 10 (он) және одан астам пайызын құрайтын кредиторлық берешегі:**

| Кредитордың атауы        | Өтеуге тиісті сомалар (алдағы 12 (он екі) ай ішінде)                                                                                                                                                                                                |
|--------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| "Bank RBK" Банкі" АҚ     | 2025ж. 2-тоқсан: 332 085 мың теңге<br>2025ж. 3-тоқсан: 498 139 мың теңге<br>2025ж. 4-тоқсан: 429 028 мың теңге<br>2026ж. 1-тоқсан: 271 307 мың теңге<br>2026ж. 2,3,4-тоқсан 17 154 мың теңге<br>2027ж.: 11 538 мың теңге<br>2028ж.: 6 731 мың теңге |
| SILVERMORE VENTURES L.P. | 2029ж.: 2 592 848 мың теңге                                                                                                                                                                                                                         |

**28. Эмитент левереджінің шамасы.**

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Эмитенттің левередж шамасы соңғы әр аяқталған екі қаржы жылының соңғы күніндегі жағдай бойынша, сондай-ақ облигациялар шығарылымын немесе облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеуге құжаттарды беру алдындағы соңғы тоқсанның соңындағы жағдай бойынша не облигациялар шығарылымын немесе облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеуге құжаттарды беру алдындағы соңғы тоқсанның алдындағы тоқсанның қорытындылары бойынша эмитенттің қаржылық есептілігі проспектінің ажырамас бөлігі болса - облигациялар шығарылымын немесе облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеуге құжаттарды беру алдындағы соңғы тоқсанның алдындағы тоқсанның соңындағы жағдай бойынша көрсетіледі.

31.12.2022 жағдай бойынша:

Міндеттемелер, 6 711 754 мың теңге

Меншікті капитал, 375 373 мың теңге

Левередж 17,88

31.12.2023 жағдай бойынша:

Міндеттемелер, 6 175 551 мың теңге

Меншікті капитал, 1 024 036 мың теңге

Левередж 6,03

31.12.2024 жағдай бойынша:

Міндеттемелер, 7 047 643 мың теңге

Меншікті капитал, 3 159 893 мың теңге

Левередж 2,23

**29. Аудиторлық есеппен расталған оның қаржылық есептілігі негізінде есептелген, соңғы аяқталған екі қаржы жылында эмитент қызметінен алынған ақша қаражатының таза ағыны.**

31.12.2023ж. жағдай бойынша:

Операциялық қызметтен алынған ақша қаражаттының таза ағының сомасы, 683 918 мың теңге

Инвестициялық қызметтен алынған ақша қаражаттының таза ағының сомасы, (278 386) мың теңге

Қаржылық қызметтен алынған ақша қаражаттының таза ағының сомасы, (414 325) мың теңге

Жалпы: ақша қаражаттарының ұлғаюы/азаюы, (8 793) мың теңге

Есепті кезеңнің соңында ақша қаражаты және олардың эквиваленттері, 34 104 мың теңге

31.12.2024ж. жағдай бойынша:

Операциялық қызметтен алынған ақша қаражаттының таза ағының сомасы, 221 484 мың теңге

Инвестициялық қызметтен алынған ақша қаражаттының таза ағының сомасы, (187 021) мың теңге

Қаржылық қызметтен алынған ақша қаражаттының таза ағының сомасы, 33 352 мың теңге

Жалпы: ақша қаражаттарының ұлғаюы/азаюы, 68 483 мың теңге

Есепті кезеңнің соңында ақша қаражаты және олардың эквиваленттері, 102 587 мың теңге



**30. Облигациялардың осы шығарылымы туралы шешім қабылданған күнге дейін эмитенттің борыштық бағалы қағаздарының барлық тіркелген шығарылымдары туралы мәліметтер (өтелген және жойылған облигациялар шығарылымын қоспағанда):**

*Эмитентте облигациялардың осы шығарылымы туралы шешім қабылданған күні борыштық бағалы қағаздардың тіркелген шығарылымдары (облигациялардың өтелген және жойылған шығарылымдарын қоспағанда) жоқ.*

**11-тарау. Эмитент және оның орналастыратын эмиссиялық бағалы қағаздары туралы қосымша мәліметтер**

**31. Облигацияларды ұстаушыға ұсынылатын құқықтар:**

1) эмитенттен облигацияның номиналды құнын алу не өзге мүлдітік баламасын алу құқығы, сондай-ақ облигациялар бойынша сыйақы алу құқығы не облигациялар шығарылымы проспектісінде белгіленген өзге де мүлдітік құқықтар;

Облигацияларды ұстаушылардың келесі құқықтары бар:

1.осы проспектіде көзделген тәртіппен және мерзімдерде Облигацияларды өтеу кезінде номиналды құнын алу құқығы;

2.Облигациялар бойынша осы проспектіде көзделген мерзімдерде және мөлшерде олардың номиналды құнының тіркелген пайызын алу құқығы;

3.Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржа ережелерінде көзделген тәртіпке сәйкес және тәртіппен эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алу құқығы;

4.Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;

5.осы проспектіде белгіленген жағдайларда Облигациялардың барлығын немесе бір бөлігін сатып алуға мәлімдеу құқығы;

6.Облигацияларды еркін сату және басқа тәсілмен билік ету құқығы;

7.Эмитенттің Қазақстан Республикасының заңнамасында және проспектіде көзделген жағдайларда Облигацияларды сатып алуды талап ету құқығы.

2) эмитенттің облигацияларды, оның ішінде облигациялар шығарылымының проспектісінде көзделген ковенанттарды (шектеулерді) бұзған кезде жүзеге асыру шарттары, тәртібі және мерзімі көрсетілген сатып алу талабының құқықтары; Облигацияларды өтеу мерзімінсіз шығарған жағдайда, осы облигацияларды ұстаушылардың облигацияларды, оның ішінде Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында көзделген негіздер бойынша сатып алу туралы талап қоя алмайтыны туралы мәліметтер көрсетіледі;

Облигация ұстаушылары Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңының 15-бабы 2-тармағында белгіленген жағдайларда Эмитенттен облигацияларды сатып алуын талап етуге құқылы.

Эмитент Облигация ұстаушылардың талабы бойынша облигацияларды сатып алуға міндетті, бұл ретте сатып алу бағасы сатып алу күніне облигациялардың номиналды құнына тең болады және жинақталған купондық сыйақыны ескереді.

«Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңының 15-бабы 2-тармағы және 18-4-бабы 2-тармағының

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



1) және 2) тармақшаларында көрсетілген сатып алу негіздерінің кез келгені туындаған жағдайда, Эмитент бұл туралы 3 (үш) жұмыс күні ішінде облигация ұстаушыларға хабарлауға міндетті. Бұл ақпарат Биржаның ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және ҚЕД ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми интернет-ресурстарында жарияланады. Ақпаратта облигацияларды сатып алу негізі туралы толық сипаттама, сондай-ақ қажет болған жағдайда қосымша мәліметтер қамтылуы тиіс.

«Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңының 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген жағдайлар туындаған кезде, Эмитент облигацияларды келесі бағалардың ең жоғарысы бойынша сатып алуға міндетті:

1. жиналған, бірақ төленбеген сыйақыны ескере отырып, мемлекеттік емес облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін бағамен;

2. қор биржасының сауда жүйесіне айналысқа жіберілген қаржы құралдарын бағалау әдістемесіне сәйкес айқындалған мемлекеттік емес облигациялардың нарықтық бағасымен (осындай баға болған кезде);

3. Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес бағалаушы айқындаған бағамен (егер эмитенттің облигациялары бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айналысқа түспесе) сатып алуды жүзеге асыруға міндетті.

Жоғарыда көрсетілген ақпараттық хабарлама алғаш рет жарияланған күннен бастап 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде облигация ұстаушылар сатып алу туралы жазбаша өтінімдерді беруге, ал Эмитент оларды қабылдауға міндетті. Өтінімде сатып алынуы тиіс Облигациялардың саны көрсетілуі қажет.

Егер Облигацияларды кері сатып алу туралы бірде-бір жазбаша өтініш алынған жағдайда, Эмитенттің Директорлар кеңесі жазбаша өтініштерді қабылдау мерзімінің соңғы күнінен бастап 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде Облигацияларды кері сатып алу туралы шешім қабылдауға міндетті.

Эмитент, Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды кері сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде, бұл шешім туралы ақпаратты Облигация ұстаушыларына Биржаның ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және ҚЕД ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарлама жариялау арқылы жеткізуге міндетті. Жарияланған мәліметтер келесі ақпараттарды қамтуы тиіс:

- облигациялар сатып алынатын нарық (ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған);
- облигацияларды сатып алу бағасы және оның есептеу тәртібі;
- сатып алынатын облигациялардың саны;
- облигацияларды сатып алу күні;
- есеп айырысу тәртібі, оның ішінде:

- Ұйымдастырылмаған нарық үшін: а) Облигацияларды сатып алу нәтижесінде оларды есептен шығару туралы облигация ұстаушылардың реестрді жүргізу қызметін жүзеге асыратын орталық депозитарийге бұйрық беру тәртібі және б) сатып алынған облигациялар үшін облигация ұстаушысына ақшалай қаражат аудару тәртібі.

- Ұйымдастырылған нарық үшін: Облигацияларды кері сатып алу бойынша сауда жүргізу әдісін көрсету.

• Қазақстан Республикасының заңнамасымен талап етілетін және сатып алу рәсімін ұйымдастыру үшін қажетті басқа да мәліметтер.

Эмитент облигацияларды Директорлар кеңесінің сатып алу туралы шешім қабылдаған күнінен

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей сатып алуға міндетті.

Облигация ұстаушылардың дефолт жағдайында облигацияларын сатып алу талабын қою құқығы осы Проспектінің 32-тармағында көрсетілген тәртіппен және мерзімде жүзеге асырылады.

3) өзге құқықтар.

Облигация ұстаушылары Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ Эмитенттің ішкі ережелері мен Биржаның талаптарына сәйкес Эмитенттің қызметі мен қаржылық жағдайы туралы ақпарат алуға құқылы.

## **32. Басталған кезде эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялау ықтималдығы бар оқиғалар туралы мәлімет:**

1) басталған кезде эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялау ықтималдығы бар оқиғалар тізбесі;

Дефолт – бұл эмиссиялық бағалы қағаздар және өзге де қаржы құралдары бойынша міндеттемелерді орындамау. Басталған кезде Эмитенттің Облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиға (бұдан әрі – "Дефолт оқиғасы") Эмитенттің негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы төлеу үшін осы проспектіде белгіленген мерзімдерде Облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы сомасын төлеу жөніндегі міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамауы болып табылады.

Егер Эмитенттің осы Проспектпен белгіленген тәртіпте және мерзімдерде облигациялар бойынша сыйақыны және/немесе номиналдық құнын төлемеуі немесе толық төлемеуі Эмитентке облигация ұстаушысының банктік шотына қатысты дұрыс емес немесе толық емес деректемелердің берілуінің нәтижесінде орын алып, бұл Эмитенттің сыйақы және/немесе номиналдық құнды төлеуін мүмкін емес етсе, немесе Орталық депозитарийдің Эмитентке облигация ұстаушылар тізілімін заңнама мен жасалған шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде ұсынбауы себеп болса – онда бұл жағдай Облигациялар бойынша дефолт болып табылмайды.

Эмитент Облигациялар бойынша өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады, егер бұл орындамау еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болып табылса.

Еңсерілмейтін күш мән-жайлары деп болжап білу немесе болдырмау мүмкін емес жағдайлар түсініледі (табиғи апаттар, соғыс әрекеттері, уәкілетті органдардың тыйым салатын немесе шектейтін сипаттағы актілері және т.б.).

Еңсерілмейтін күш мән-жайлары орын алған жағдайда, Эмитенттің осы проспектіде белгіленген міндеттемелерін орындау мерзімі аталған жағдайлар мен олардың салдары әрекет ететін кезеңге сәйкес ұзартылуы тиіс.

2) облигацияларды ұстаушылардың сыйақы төлемі бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған кезде құқықтарын қорғау рәсімін, оның ішінде міндеттеме тәртібі және қайта құрылымдау талаптарын қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда эмитент қабылдайтын шаралар;

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Облигациялар бойынша Дефолт оқиғасы орын алған жағдайда, Эмитент Облигация ұстаушыларына негізгі қарыз сомасын және (немесе) Облигациялар бойынша купондық сыйақыны төлеу жөніндегі ақшалай міндеттемені орындау күніне (нақты төлем күні) немесе оның тиісті бөлігіне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің базалық ставкасын негізге ала отырып, әрбір кешіктірілген күн үшін өсімпұл есептеуге және төлеуге міндетті (өсімпұл есептеуінің соңғы күні нақты төлем күні болып табылады).

Міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттары Эмитент пен Облигация ұстаушылары арасында келіссөздер арқылы белгіленеді. Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау туралы шешім Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, соның ішінде Облигацияның оның ұстаушысына беретін құқықтарын ескере отырып, кредиторлардың келісімімен Директорлар кеңесімен қабылданады.

Эмитент Дефолт оқиғасының орын алғаны туралы ақпаратты осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген мерзімдерде, тәртіпте және тәсілдерді қолдана отырып, Облигация ұстаушыларына хабарлайды.

Дефолт оқиғасы туралы ақпараттық хабарламаның алғаш жарияланған күнінен бастап 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде Эмитент Облигация ұстаушыларынан немесе Облигациялар бойынша талап ету құқықтары бар тұлғалардан Облигацияларды (Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын) сатып алу туралы жазбаша өтініштерді қабылдауға міндетті. Бұл сатып алу бағасы Облигациялардың номиналдық құнына және есептелген сыйақыға сәйкес келуге тиіс, сондай-ақ сатып алуға ұсынылған Облигациялардың саны көрсетілуі қажет.

Дефолт оқиғасы туралы ақпараттық хабарламаның алғаш жарияланған күнінен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей, Эмитент Облигация ұстаушыларының жалпы жиналысын шақырып, өткізуге міндетті.

Облигация ұстаушыларының жалпы жиналысының күн тәртібіне, басқа мәселелермен қатар, Эмитенттің өзінің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту және (қажет болған жағдайда) Облигациялар шығарылымының проспектісіне енгізілетін ықтимал өзгерістер жобасы мәселелері қосылуға тиіс.

Егер Облигация ұстаушыларының жалпы жиналысының қорытындысы бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілмесе және Эмитенттің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру мүмкін еместігі туралы шешім қабылданса, сондай-ақ, Эмитент заңнамада белгіленген мерзімде кредиторлардың талаптарын толық қанағаттандыруға қабілетсіз борышкердің құқықтық қатынастарын реттейтін заңнамаға сәйкес негізгі қарыз сомасын және (немесе) купондық сыйақыны төлеу және Облигацияларды ұстаушылардан түскен жазбаша талаптарға сәйкес сатып алу жөніндегі міндеттемелерін орындамаса, Эмитент пен Облигация ұстаушыларының немесе Облигациялар бойынша талап ету құқығына ие тұлғалардың одан арғы әрекеттері Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық саласындағы заңнамасымен реттеледі.

Егер Облигация ұстаушыларының жалпы жиналысының қорытындысы бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсе, Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияның оның ұстаушысына беретін құқықтарын ескере отырып, осы іс-шаралар жоспарын іске асыру туралы шешім қабылдайды.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



3) эмитенттің орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттемелердің орындалмау себебі, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі мүмкін болатын іс-әрекеттері, облигацияларды ұстаушылардың эмитентке, эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғаларға талап қою өтінішінің тәртібі туралы мәліметтерден тұратын дефолт фактісі туралы ақпаратты облигацияларды ұстаушыларға жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілдері; Облигациялар бойынша Дефолт оқиғасы орын алған кезде, Эмитент осындай Дефолт оқиғасына себеп болған жағдайларды жою және облигация ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін барлық күш-жігерін салады.

Дефолт оқиғасы орын алған жағдайда, Эмитент тиісті оқиға орын алған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы ақпаратты облигация ұстаушыларға жеткізуге міндетті, оны Биржаның ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) ресми интернет-ресурсында оның қағидаларына сәйкес және ҚЕД ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми интернет-ресурсында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен орналастыру арқылы жүзеге асырады

Эмитенттің ақпараттық хабарламасында келесі мәліметтер қамтылуы тиіс:

- Дефолт оқиғасының орын алу себептерінің толық сипаттамасы;
- Орындалмаған міндеттемелердің көлемі туралы мәліметтер;
- Облигация ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру үшін мүмкін болатын әрекеттерінің тізбесі, оның ішінде Эмитентке талап қою тәртібі мен мерзімдері;
- Эмитенттің өз міндеттемелерін орындау үшін қабылдап жатқан шаралары және облигация ұстаушылармен есеп айырысуды жоспарлаған мерзім;
- Дефолт оқиғасына себеп болған жағдайларды жою үшін Эмитент қабылдаған немесе қабылдайтын шаралар;
- Облигация ұстаушылардың жалпы жиналысының өтетін күні;
- Эмитенттің шешімі бойынша өзге де ақпарат.

Осы ақпаратты ашу жөніндегі міндеттемені басқа заңды тұлғаға жүктеу қарастырылмайды.

4) эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғалармен шарт жасалған күні мен нөмірі, осы тұлғалардың толық атауы, сондай-ақ оларды (осындай тұлғалар бар болса) мемлекеттік тіркеу күні.

Эмитенттің облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы жағдайында оның міндеттемелері бойынша бірлескен немесе субсидиарлық жауапкершілік көтеретін тұлғалар жоқ.

### **33. Эмитенттің облигацияларды өтеу сәтіне дейінгі әрбір сыйақы төлеу кезеңінің бөлігінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін эмитенттің қажетті ақшалай қаражаты көздерінің және ағындарының болжамы.**

Эмитенттің купондық сыйақыларды төлеу және Облигациялар бойынша негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы осы Проспектінің №1 қосымшасында көрсетілген

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



### 34. Эмитенттің орналастырылатын облигацияларды сатып алуына байланысты тәуекелдер:

1) салалық тәуекелдер - эмитенттің саласындағы оның қызметіне бағалы қағаздар бойынша нашарлауы мүмкін жағдайының әсері және міндеттемелерін орындауы сипатталады. Эмитенттің пікірі бойынша, салада болуы мүмкін аса маңызды (ішкі және сыртқы нарықта бөлек жеке) өзгерістер келтіріледі.

Эмитенттің қызметіне қатысты негізгі тәуекелдерге мыналар жатады:

- Елдегі макроэкономикалық жағдайдың нашарлауына байланысты тәуекелдер, нәтижесінде іскерлік белсенділіктің төмендеуі;
- Жергілікті нарықтағы бәсекелестіктің күшеюіне байланысты тәуекелдер;
- Клиенттердің төлем қабілеттілігінің төмендеуі;
- Түрлі факторлардың әсерінен Эмитент өнімдеріне сұраныстың азаюы;
- Халықаралық нарықта мұнай мен газ бағасының төмендеуі.

Қазақстандағы машина жасау саласы күрделі құрылымға ие. Саланың негізгі мәселелері – барлық деңгейдегі білікті мамандардың тапшылығы, сондай-ақ әлсіз шикізат базасы. Эмитенттің қызметі мұнай-газ машина жасау саласына жатады.

Эмитент дайын өнімдерін негізінен ішкі нарықта, жергілікті инфрақұрылымдық жобалар аясында сатуды жоспарлап отыр.

Эмитент өз қызметінде пайдаланатын шикізат, қызметтер бағасының ықтимал өзгеруіне байланысты тәуекелдер (ішкі және сыртқы нарықтарда бөлек) және олардың Эмитенттің қызметіне және оның бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерін орындауына әсері.

Маңызды жайт – сыртқы нарықтағы машина жасау саласының жағдайы Эмитенттің қызметіне айтарлықтай әсер етеді. Қазақстан – құбыр арматурасының (Эмитенттің негізгі өнімі) нетто-импорттаушысы. Тарихи тұрғыдан алғанда, Қазақстанның негізгі жеткізушілері – Қытай, Ресей және Италия. Осыған байланысты, Эмитент өнімдерінің нарықтық бағасының өзгеру ықтималдығы бар.

Эмитенттің өніміне және (немесе) қызметтеріне (ішкі және сыртқы нарықтарда бөлек) бағалардың ықтимал өзгеруіне және олардың Эмитенттің қызметіне және оның бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерін орындауына әсер етуіне байланысты тәуекелдер.

Импорттық өнімдердің бағасы Қазақстандағы машина жасау өнеркәсібінің дамуын шектейтін негізгі факторлардың бірі болып табылады. Сондықтан импорттық өнімдердің бағасының өзгеруі әрі қарай да Эмитенттің қызметіне айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Эмитенттің шикізат пен материалдар жеткізушілері – жергілікті және шетелдік өндірушілер. Эмитент тауарлардың сапасы, орналасқан жері және төлем шарттары негізінде таңдау жасайды.

2) қаржы тәуекелдері – эмитенттің қаржылық жағдайының пайыздық мөлшерлемелердің қолайсыз өзгеруіне, шетел валюталарының айырбас бағамына, сондай-ақ бағалы қағаздар мен туынды қаржы құралдарының нарықтық бағасына байланысты тәуекелдерге ұшырауын сипаттайды.

Эмитент пайыздық мөлшерлеменің өзгеруіне тәуелді емес, өйткені ол тіркелген пайыздық мөлшерлеменен қарыз алады немесе сыйақысы қарастырылмаған қарыздарды пайдаланады.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Баға тәуекелі – нарықтық бағаның өзгеруі нәтижесінде Эмитент өнімдерінің бағасының ауытқуы. Эмитент бұл тәуекелді нарықтық жағдайлардың өзгеруінен туындауы мүмкін ықтимал шығындарды мерзімді бағалау арқылы басқарады.

Эмитенттің шетел валютасының айырбас бағамының өзгеру тәуекеліне ұшырауы оның операциялық және қаржылық қызметіне қатысты. Кейбір сату және сатып алу операциялары АҚШ долларымен және ресей рублімен жүргізіледі. Silvermore Ventures L.P.-ден алынған пайызсыз қарыз еуромен деноминацияланған. Қазақстанда тиісті қаржы құралдарының нарығы жеткілікті дамымағандықтан, Эмитент валюталық тәуекелдерді хеджирлемейді.

Эмитент саудалық дебиторлық берешектің болуына себепті кредиттік тәуекеліне ұшырағыш. Дебиторлық берешектің баланстық құны – күтілетін кредиттік шығындарға арналған резерв сомасына азайтылған мән. 365 күннен асқан мерзімі өткен берешек дебиторлық берешектің жалпы баланстық құнының шамамен 2,5%-ын құрайды.

Қаржы мекемелеріндегі шоттардағы қалдықтарға қатысты кредиттік тәуекелі Эмитенттің басшылығымен ақша қаражаттарын басқару саясатына сәйкес бақыланады. Қаржы мекемелерінің дефолты нәтижесінде туындайтын кредиттік тәуекелге Эмитенттің ең жоғары сезімталдық деңгейі осы қаржы активтерінің баланстық құнына тең.

Өтімділік тәуекелі – бұл Эмитенттің қаржы құралдарына байланысты міндеттемелерін орындау үшін қаражат алу қиындықтарына тап болу тәуекелі. Эмитент өтімді ақша қаражаттарына қажеттілікті тұрақты түрде қадағалап отырады және басшылық кез келген міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті қаражаттың болуын қамтамасыз етеді.

Эмитент инвестициялық қызметті жүзеге асырмайды.

Эмитенттің қаржылық активтердің және эмитенттің қаржылық міндеттемелерінің теңгерімсіздігінен туындайтын, эмитенттің өз міндеттемелерін толық көлемде орындалуын қамтамасыз етуге дәрменсіздігі (оның ішінде эмитенттің бір немесе бірнеше контрагенттерінің қаржылық міндеттемелерін уақтылы орындамауы салдарынан) және (немесе) эмитенттің қаржы міндеттемелерін дереу және бір реттік орындауына болжанбаған қажеттіліктің туындауы салдарынан болған эмитенттің шығындарымен байланысты тәуекелдер.

Эмитенттің қаржылық активтері мен міндеттемелерінің теңгерімсіздігінен (оның ішінде бір немесе бірнеше контрагенттердің қаржылық міндеттемелерді уақтылы орындамауы) немесе қаржылық міндеттемелерді бірден және толық орындау қажеттілігінің туындауынан шығынға ұшырау тәуекелдері аз. Эмитент бұл тәуекелді төмендету үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды, соның ішінде активтер мен міндеттемелер құрылымын тиімді басқару.

Эмитенттің қаржылық есептілігі көрсеткіштерінің қайсысы қаржылық тәуекелдердің ықпалы, олардың пайда болуы ықтималдығы және есептіліктегі өзгерістердің сипаты нәтижесінде өзгеріске аса шалдыққыш екені көрсетіледі.

Эмитент қаржылық тәуекелдердің пайда болу ықтималдығын төмен деп бағалайды, өйткені Эмитент тәуекелдерді мониторингтеу, бақылау және олардың қызметі мен қаржылық жағдайына әсерін төмендету бойынша барлық қажетті шараларды қабылдайды.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



3) құқықтық тәуекел – эмитенттің мыналардың: Қазақстан Республикасының валюталық, салықтық, кедендік заңнамасының өзгеруі; эмитенттің негізгі қызметіне қойылатын лицензиялау талаптары; эмитенттің Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының талаптарын және жасалған шарттардың талаптарын сақтамауы; қызметті жүзеге асырудағы жіберілген құқықтық қателіктер (дұрыс емес заң консультациясын алу немесе құжаттарды дұрыс жасамау, соның ішінде сот органдарындағы даулы мәселелерді қарастыру кезінде) салдарынан шығынға ұшырау тәуекелін сипаттайды.

Эмитенттің импорт құрылымы мен көлемін ескере отырып, Қазақстан Республикасының валюталық, салықтық және кедендік заңнамаларының өзгеруі нәтижесінде шығынға ұшырау тәуекелі аз.

Осы Проспектіні бекіту күніне Эмитенттің негізгі қызметі лицензиялауға жатпайды. Дегенмен, Эмитенттің уәкілетті қызметкерлері негізгі қызметті лицензиялау талаптарының енгізілу мүмкіндігін тұрақты түрде бақылап отырады.

Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының талаптарын сақтамау салдарынан шығынға ұшырау тәуекелі аз, себебі Эмитент өз қызметін қолданыстағы заңнамалық нормаларға сәйкес жүргізеді.

Құқықтық қателердің салдарынан шығынға ұшырау тәуекелі минималды, өйткені Эмитенттің кәсіби заңгерлер штаты бар, ал барлық шарттар мен келісімдер жобалары Эмитенттің заң департаментімен мақұлданады.

4) іскерлік беделінен айырылу тәуекелі (бедел тәуекелі) - эмитенттің қаржылық тұрақтылығы, қаржылық жағдайы, оның өнім (жұмыс, қызмет) сапасы немесе жалпы қызмет сипаты туралы теріс ұғым қалыптасу салдарынан эмитент клиентінің (контрагенттерінің) санының азаюы нәтижесінде залал шегу тәуекелінің туындауы мүмкін екені суреттеледі.

Эмитент қаржылық есептілігі, оның қаржылық жағдайы, өнімнің (жұмыс, қызмет) сапасы немесе қызметінің сипаты туралы теріс пікір қалыптасуы нәтижесінде шығындардың туындау қаупін аз деп бағалайды, өйткені іскерлік беделін сақтау мақсатында Эмитент:

- өз контрагенттерімен шарттық міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етеді;
- клиенттерге, контрагенттерге, реттеуші және қадағалау органдарына және басқа да мүдделі тараптарға ұсынылатын қаржылық есептіліктің және басқа жарияланатын ақпараттың дұрыстығын бақылайды;
- жыл сайын аудиттен өтеді;
- клиенттер мен контрагенттердің іскерлік беделіне мониторинг жүргізеді;
- қызметкерлердің корпоративтік этика нормаларын сақтауын қадағалайды.

5) стратегиялық тәуекел – эмитенттің қызмет және даму стратегиясын (стратегиялық басқаруын) анықтайтын шешімдерді қабылдау кезінде жіберілген қателік (кемшілік) нәтижесінде туындауы мүмкін және эмитенттің қызметіне қауіп төндіруі мүмкін ықтимал қатерді есепке алмағанында немесе тиісті түрде есепке алмағанында білінетін, эмитент бәсекелестерінің алдында басымдыққа ие болуы мүмкін қызметінің келешегі бар бағыттарын дұрыс емес немесе толық негіздемесіз белгіленгенін, эмитент қызметінің стратегиялық мақсатына қолжеткізуді қамтамасыз етуі тиіс қажетті ресурстардың (қаржылық, материалды-техникалық, адами) және ұйымдастыру шараларының (басқару шараларының) жоқ екенін

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



немесе толық көлемде қамтамасыз етілмегенін көрсететін тәуекел.

Эмитент бұл тәуекелді аз деп бағалайды, өйткені стратегиялық шешімдерді тиімді бағалау және іске асыру мақсатында Эмитент қысқа және орта мерзімді жоспарлау бағдарламасын, қызметтің басым бағыттарын анықтауды, стратегиялық жоспарларды әзірлеуді, сондай-ақ қабылданған стратегиялардың орындалуын бақылауды қолданады.

Эмитент стратегиясында айқындалған міндеттер мен жоспарларды іске асыру барысында сыртқы және/немесе ішкі нарықтық жағдайлардың өзгеруіне байланысты, сондай-ақ қандай да бір сегментте есептік критерийлердің болжамды мәндерден ауытқуы анықталған жағдайда, стратегиялық жоспарларға және/немесе Эмитенттің қызметіне түзетулер енгізілуі мүмкін.

6) эмитенттің қызметіне байланысты тәуекел – тек эмитентке тән немесе қоғамның жүргізетін негізгі қаржы-шаруашылық қызметіне байланысты тәуекелдер сипатталады, оның ішінде мынаған байланысты тәуекелдер: эмитенттің белгілі бір қызмет түрін жүргізуге немесе айналыста болуы шектелген объектілерді (оның ішінде табиғи ресурстарды) пайдалануға лицензияның қолданыс мерзімін ұзарту мүмкіндігінің болмауы; эмитенттің үшінші тұлғалардың, оның ішінде эмитенттің еншілес қоғамдарының борыштары бойынша ықтимал жауапкершілігі; айналымына эмитент өнімін (жұмысын, қызметін) сатудан түскен жалпы түсімінен кем дегенде 10 пайызы тиесілі болатын тұтынушыдан айырылу ықтималдығы. Эмитенттің негізгі қызметі лицензияланатын қызмет түрлеріне жатпайды.

Лицензияның қолданылу мерзімін ұзарту мүмкіндігінің болмауына байланысты тәуекелдер жоқ.

Осы Проспектіні бекіту күніне Эмитент үшінші тұлғалардың қарыздары үшін жауап бермейді.

7) елдік тәуекел – экономикалық, саяси, әлеуметтік өзгерістерге байланысты шетелдік контрагенттердің (заңды тұлғалардың, жеке тұлғалардың) міндеттемелерін орындамау салдарынан, сондай-ақ ақшалай міндеттеменің валютасы контрагент үшін өз резиденттік елінің заңнамасының ерекшеліктеріне байланысты қол жетімді болмауы салдарынан (контрагенттің өзінің қаржылық жағдайына қарамастан) эмитенттің шығынға ұшырау қаупін сипаттайды. Эмитент Ресей Федерациясынан шикізат сатып алады және ұзақ мерзімді серіктестік қатынастарға қарамастан, санкциялық тәуекелдерді барынша азайту мақсатында Компания өз контрагенттерінің санкциялық тізімдерде болуын тұрақты түрде қадағалап отырады.

8) операциялық тәуекел – эмитенттің қызметкерлері жол берген, ішкі процестерді жүзеге асыру барысындағы кемшіліктер немесе қателер, ақпараттық жүйелер мен технологиялардың дұрыс жұмыс істемеуі, сондай-ақ сыртқы оқиғалар салдарынан болатын шығыстар (шығындар) тәуекелін сипаттайды.

Операциялық тәуекел – бұл жүйелік ақаулар, персоналдың қателері, алаяқтық немесе сыртқы оқиғалар нәтижесінде туындайтын тәуекел. Бақылау жүйесі жұмысын тоқтатқан жағдайда, операциялық тәуекелдер Эмитенттің беделіне нұқсан келтіруі, құқықтық салдарға алып келуі немесе қаржылық шығындарға ұшыратуы мүмкін.

Эмитент барлық операциялық тәуекелдердің толықтай жойылғанына кепілдік бере алмайды, алайда бақылау жүйесі арқылы, сондай-ақ ықтимал тәуекелдерді қадағалап, тиісті әрекеттерді қабылдау арқылы оларды белсенді түрде басқарады. Бақылау жүйесі міндеттердің тиімді

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



бөлінуін, қол жеткізу құқықтарын, бекіту және салыстыру рәсімдерін, персоналды оқытуды, сондай-ақ ішкі тексерулерді қоса алғанда, бағалау рәсімдерін қарастырады.

9) экологиялық тәуекелдер – климаттық және экологиялық факторларға байланысты, эмитенттің қызметіне ықпал етуге қабілетті тәуекелдерді сипаттайды.

Климаттық және экологиялық факторлар, соның ішінде табиғи апаттар мен техногендік апаттар Эмитенттің қызметіне аз әсер етеді.

**35. Эмитент қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржы топтары, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпарат:**

1) Эмитент қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржы топтары, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар, Эмитенттің осы ұйымдарға қатысуының рөлі (орны), функциялары мен мерзімі.

Эмитент өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтарға, холдингтерге, концерндерге, қауымдастықтарға, консорциумдарға қатыспайды

2) эмитенттің Қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері, осындай тәуелділік сипаты айтарлықтай тәуелді болатын өнеркәсіптік, банктік, қаржы топтарының, холдингтердің, концерндердің, қауымдастықтардың, консорциумдардың өзге де мүшелері жатады.

Эмитенттің еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлғалары жоқ

**36. Эмитенттің еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлғалары болған жағдайда, осындай әр заңды тұлға бойынша мынадай ақпарат көрсетіледі:**

*Эмитент еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлғаларды иеленбейді.*

**37. Эмитент жарғылық капиталының он және одан көп пайызына иелік ететін ұйымдар туралы мәліметтер (осы қосымшаның 36-тармағында көрсетілген заңды тұлғаларды қоспағанда), әрбір сондай ұйымды көрсете отырып:**

*Эмитент ешбір ұйымда жарғылық капиталдың он және одан да көп пайызын (осы қосымшаның 36-тармағында көрсетілген заңды тұлғаларды қоспағанда) иеленбейді.*

**38. Эмитенттің кредиттік рейтингі туралы мәліметтер:**



1) кредиттік рейтингті беру объектісі (эмитент, эмитенттің бағалы қағаздары):

Эмитент

Уәкілетті органға облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) тіркеуге құжаттарды берген күннің алдындағы күндегі кредиттік рейтингтің мәні.

Эмитенттің кредиттік рейтингтері жоқ

Кредиттік рейтинг берген ұйымның толық және қысқартылған атауы, орналасқан жері:

Толық атауы: Қолданылмайды

Қысқартылған атауы: Қолданылмайды

Орналасқан жері: Қолданылмайды

Эмитент өзінің қалауы бойынша көрсететін кредиттік рейтинг туралы өзге де мәліметтер көрсетіледі.

Қолданылмайды

2) эмитенттің бағалы қағаздары кредиттік рейтинг берілген объект болған жағдайда халықаралық сәйкестендіру нөмірі (код ISIN) және ол берілген күн, сондай-ақ кредиттік рейтинг берген рейтингтік агенттіктің атауы қосымша көрсетіледі:

**39. Эмитенттің облигацияларын ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигациялар шығарылған жағдайда):**

Қолданылмайды

**40. Эмитенттің төлем агенті туралы мәліметтер (бар болса):**

1) төлем агентінің толық атауы;

қолданылмайды

2) төлем агентінің және оның бағалы қағаздар бойынша кірістерді (облигациялардың номиналды құнын) төлейтін барлық филиалдарының орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері, деректемелері;

Орналасқан жері

қолданылмайды

Байланыс телефондары

Реквизиты платежного агента

қолданылмайды

3) эмитенттің төлем агентімен жасасқан шарттың күні мен нөмірі.

Келісімшарт нөмірі

неприменимо

Келісімшарт күні

**41. Эмитенттің консультанттары туралы мәліметтер (егер Бағалы қағаздар рыногы туралы заңға сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсету бойынша шарт жасасу міндеті белгіленген жағдайда):**

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



1) эмитенттің акцияларын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның толық және қысқартылған атауы;

Толық атауы "Банк ЦентрКредит" АҚ еншілес ұйымы - "BCC Invest" АҚ

Қысқартылған атауы «BCC Invest» АҚ

2) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері;

Орналасқан жері Республика Казахстан, 050000, г. Алматы, Алмалинский район, ул. Панфилова, 98, Блок Б. +7 (727) 244 32 32

Телефон нөмірі +7 (772) 724-43-23

3) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғамен эмитенттің жасасқан шартының күні мен нөмірі.

Келісімшарт нөмірі без номера

Келісімшарт күні 15.05.2024

## **42. Эмитенттің аудиторлық ұйымы туралы мәліметтер:**

1) тиісті аккредиттелген кәсіби аудиторлық ұйымдарға тиістілігін көрсете отырып, эмитенттің соңғы аяқталған 2 (екі) қаржы жылы үшін қаржылық есептілігінің аудитін жүзеге асырған (жүзеге асыратын) аудиторлық ұйымдардың толық ресми атауы (аудитордың тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)).

Аудиторлық ұйымдардың толық ресми атауы (немесе аудитордың Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса)): «B2B Kazakhstan» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Аудитордың тиесілі аккредиттелген кәсіби аудиторлық ұйымдары

2) телефон және факс нөмірі, электрондық пошта мекенжайы (бар болса).

Телефон нөмірі: +7 727 339 3424

Факс нөмірі (бар болса):

Электронды пошта мекен-жайы (бар болса): [info@b2bkz.kz](mailto:info@b2bkz.kz)

1) тиісті аккредиттелген кәсіби аудиторлық ұйымдарға тиістілігін көрсете отырып, эмитенттің соңғы аяқталған 2 (екі) қаржы жылы үшін қаржылық есептілігінің аудитін жүзеге асырған (жүзеге асыратын) аудиторлық ұйымдардың толық ресми атауы (аудитордың тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)).

Аудиторлық ұйымдардың толық ресми атауы (немесе аудитордың Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса)): «Ар-Аудит» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Аудитордың тиесілі аккредиттелген кәсіби аудиторлық ұйымдары

2) телефон және факс нөмірі, электрондық пошта мекенжайы (бар болса).

Телефон нөмірі: +7 7232 265 168

Факс нөмірі (бар болса):

Электронды пошта мекен-жайы (бар болса): [info@araudit.kz](mailto:info@araudit.kz)

## **43. Осы қосымшаның 19, 20, 21 және 22-тармақтарында көрсетілмеген, бірақ "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" және "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес эмитенттің үлестес тұлғалары болып табылатын эмитенттің үлестес тұлғалары.**

**1) жеке тұлға үшін – эмитенттің үлестес тұлғасының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса);**

**2) заңды тұлға үшін – эмитенттің үлестес тұлғасының толық атауы, орналасқан жері және бірінші басшысының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса).**

**Егер осы заңды тұлға жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық**

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



нысанында құрылса, онда қатысу үлесін көрсете отырып, осы заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесінің он және одан да көп пайызын иеленетін қатысушылары туралы мәліметтер көрсетіледі:

жеке тұлға үшін - тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса);

заңды тұлға үшін - толық атауы, орналасқан жері;

3) оларды эмитенттің үлестес тұлғаларына жатқызудың негізі және эмитентпен үлестес болған күн.

Эмитент жарғылық капиталына қатысу үлестерінің немесе акцияларының он немесе одан көп пайызына иелік ететін, заңды тұлға болып табылатын эмитенттің үлестес тұлғасына қатысты қосымша:

эмитент жарғылық капиталына қатысу үлестерінің немесе акцияларының он немесе одан көп пайызына иелік ететін заңды тұлғаның толық атауы, орналасқан жері және бірінші басшысының тегі, аты, әкесінің аты (егер бар болса);

эмитентке тиесілі жарғылық капиталына қатысу үлестерінің немесе акцияларының осы заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы орналастырылған акциялардың немесе қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық қатынасы;

эмитент жарғылық капиталына қатысу үлестерінің немесе акцияларының он немесе одан көп пайызына иелік ететін заңды тұлғаның негізгі қызмет түрлері;

эмитент осы заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы акциялардың немесе акциялардың он немесе одан да көп процентін иеленген күн;

заңды тұлға жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылса, онда қатысу үлесін көрсете отырып, осы заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесінің он және одан да көп пайызын иеленетін өзге қатысушылары туралы мәліметтер көрсетіледі:

жеке тұлға үшін - тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса);

заңды тұлға үшін - толық атауы, орналасқан жері.

Арнайы қаржы компаниясы облигацияларды шығарған кезде, үлестестікті тану және оның пайда болу күнін көрсете отырып, секьюритилендіру мәмілесіне тараптардың үлестес екені туралы ақпаратты ашып көрсетеді.

Егер эмитенттің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды ұсыну күніне дейін қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылған болса, онда осы тармақты эмитент толтырмайды.

Эмитенттің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер осы Проспектінің №2 қосымшасында көрсетілген

**44. Эмитенттің облигациялар шығарылымына және оларға қызмет көрсетуге жұмсаған шығындарының сомасы, сондай-ақ осы шығындардың қалай төленетіні туралы мәліметтер.**

Биржаның листингке өтінімді қарау алымы\* – 50 АЕК.

Биржаның кіру алымы\* – 50 АЕК.

Биржаның жыл сайынғы алымы\* – 100 АЕК.

Биржаның сауда жүйесінде сауданы ұйымдастыру алымы\* – 50 АЕК.

"Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" АҚ қызметтері – көрсетілген қызмет көлеміне байланысты, депозитарийдің тарифтеріне сәйкес.

Қаржы кеңесшісі мен андеррайтердің қызметтері – көрсетілген қызмет көлеміне байланысты, шартқа сәйкес.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Брокердің қызметтері – көрсетілген қызмет көлеміне байланысты, шартқа сәйкес.


\*Листингтік алымдарға, сондай-ақ шағын және орта бизнесті қаржыландыру бойынша мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде шығарылатын бағалы қағаздарды орналастыруға бастамашылық жасаушылар үшін арнайы сауда ұйымдастыру бойынша комиссиялық алымдарға жеңілдіктер қарастырылған. Бұл жеңілдіктер Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 20 желтоқсандағы шешімімен бекітілген.

Көрсетілген шығыстар Эмитенттің өз қаражаты есебінен төленеді

**45. Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеген кезде осы қосымшаның 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 31, 32, 33, 39, 40, 41 және 44-тармақтары толтырылмайды.**

**46. Тұрақтандыру банкі осы қосымшаның 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43 және 44-тармақтарын толтырмайды.**

Уәкілетті тұлға:



Электрондық цифрлық қолтаңба:

АШИМОВ  
ЖАНАБАЕВИЧ  
null

ЕРЖАН

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

